

**«8D02301 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы  
 (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Алшынбаева Молдир Айdosовнаның  
 «Киелі ұғымдардың тілдік көрінісі  
 (қазақ, ағылшын тілдеріндегі материалдар негізінде)»  
 тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің  
 ПІКІРІ**

<b>Р/Н №</b>	<b>Критерийлер</b>	<b>Критерийлер сәйкестігі</b>	<b>Ресми рецензенттің ұстанымы</b>
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен каржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);          2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)          3) Диссертация Қазакстан Республикасының Үкіметі жынындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>«Киелі ұғымдардың тілдік көрінісі (қазақ, ағылшын тілдеріндегі материалдар негізінде)» тақырыбында орындалған диссертация төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес дайындалған:</p> <p>1) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.6 Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен күндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы);          2) Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (КР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы);</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаган.	Диссертациялық жұмыс қазақ және ағылшын тілдеріндегі киелі ұғымдардың тілдік мазмұнын анықтауга бағытталған. Осы орайда өзара туыстық байланысы жок тілдердегі киелі ұғымдарды білдіретін тілдік бірліктерге қатысты зерттеулер бірінші рет жүйеленіп, сұрыпталған; екі тілдегі киелі сандарға қатысты түсініктер метафизикалық сипатта салғастырылған; жылқы жануарына, ит пен бөріге (қасқырга) қатысты киелі ұғымдардың мәнін ашу үшін оларға қатысты қалыптасқан тұрақты тіректестер тілдік тұрғыдан талданған, олардың казақ, ағылшын тілдерінде жұмсалуындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарға талдау жасалған.

			Бұл ғылыми жаңалықтардан зерттеудің антропоөзекті парадигмаға сәйкес коммуникативті-прагматикалық әрі танымдық аспектіде қатар зерттелуінің аясында жүзеге асқаны байқалады. Сондықтан диссертациялық жұмыс тіл білімінің лексикология, фразеология және салғастырмалы зерттеулер саласын жетілдіруге елеулі үлес қосқан, оның қазіргі сауатты сөйлеу дағдыларын арттырудагы, тіл үйрету барысында пайдаланудағы қалыптастырудагы маңыздылығы жоғары екені ашылған, дәлелденген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <b>жоғары;</b> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссиденттүң өзі жазу деңгейі <b>жоғары</b> . Себебі ғылыми жұмыстың құрылымын менгергені байқалады. Киелі ұғымдар жайлы алғашкы зерттеулер қамтылған, сүйенген материалдары нақты тілдік деректермен дәйектелген. Зерттелуі қажет әрі маңызды мәселесі айқындалған, сол мәселені шешуде ғылыми әдіс-тәсілдері дұрыс тандалған. Диссиденттүң ғылыми ойды жүйелеуі, мысалмен дәлелдеуі, тұжырымды мазмұнды жеткізуі ой жинақылығын көрсетеді. Зерттеушінің ғылыми стилі қалыптасқан. Зерттеу барысында хронологиялық талдау сакталған. Жарияланымдары диссертация мазмұнына сәйкес келеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) <b>негізделген;</b> 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссиденттүң жұмыстың өзектілігі <b>толығымен негізделген</b> . Киелі ұғымдардың генеалогиялық жағынан да, діни ұстаным тұрғысынан да әр түрлі халықтар өкілдері арасындағы коммуникацияда айрықша маңызды екені сөзсіз. Сондықтан бір-біріне типологиялық жағынан да, дін жағынан да жақындығы жоқ ағылшын тілі мен қазак тілі деректерінің киелі ұғым тұрғысынан салғастырылуы ғылыми ортада ерекше қызығушылық тудыратыны заңды. Тілді құрылымы мен сөздік қоры тұрғысынан менгергенімен, бөтен тілдік оргада әр алуан тұракты тілдік бірліктерді орынды, танымдық тұрғыдан дұрыс колдана білу коммуникацияда қойылған мақсатқа тезірек әрі тиімді түрде жетуге негіз болады. Демек, киелі ұғымдар жөнінде

		<p>өз ана тілінде қалыптасқан түсініктерді билетін адам дәл сол ұғымдардың шет тіліндегі баламаларын да менгерген болса, бір жағынан оның сауаттылығын, екінші жағынан, коммуникативтік құзыреттілігін көрсететіні анық. Осында танымдық мәні бар курделі мәселелерді анықтап, салыстырмалы түрде тиімді шешудің жолдарын көрсетуі диссертациялық жұмыстың қоғамда бар сұраныска сай өзекті мәселенің басын ашуға қосқан үлесі деп кабылдау қажет.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды</p> <p>1) <b><u>айқындауды;</u></b>      2) жартылай айқындауды;      3) айқындаамайды</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын <b>толық айқындауды</b>. Зерттеу жұмысының 3 тарауы өзара ішкі бірлікті сактаған, үш тарауда киелі ұғымының тарихитанымдық мәні, интерпретациясы мен әдіснамалық негіздерінің зерттелуі хронологиялық реттілікпен жүйеленген. Бірінші тарауда тіл біліміндегі киелі ұғымдарға қатысты зерттеулер мен тұжырымдар жіті талданып, зерттеушілер пікірі сараланып, ғылыми бағытына қарай топтастырылып, өзара салғастырыла қарастырылған. Сондай-ақ ежелгі замандардан бері келе жатқан киелі ұғымдар атаулары тілдің дамуына қарай екшеліп, мазмұндық жағынан байып отырғанын, соған орай олардың мағыналық шенберінің кеңейгенін көрсеткен. Екінші тарауда ағылшын және қазақ тіліндегі бір, екі, үш, төрт, жеті, он екі сияқты киелі сандардың түпкілікті мәні ашылып, екі тілдегі репрезентациясы, олардың қамтитын акпараттық мазмұндық ерекшеліктері салғастырыла талданған. Үшінші тарауда екі халықтың танымында киелі деп саналатын жылқы жануары, ит және бөрі (қасқыр) сияқты андарға қатысты қалыптасқан паремиологиялық бірліктерге жанжақты тоқталады, атальыш тілдік бірліктер өзара салыстырылады, олардың киелілік табиғаты археологиялық, мифтік, этнографиялық деректер негізінде ашылады.</p>

	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>сәйкес келеді;</u></b></li> <li>2) жартылай сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді</li> </ol>	<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына толығымен сәйкес келеді, жұмыста нақты тұжырымдалған және іздену барысында диссиденттеге толық қол жеткізген. Диссидент жүйесі басқа тілдердегі киелі ұғымдардың тілдік презентациясын анықтап, олардың киеллік табиғатын тілдік бірліктердегі мағынасына сай ашып, мифологиялық танымдық мәнін түсіндіруді мақсат еткен.</p> <p>Осы мақсатқа жету үшін белгілеп алған міндеттерін рет-ретімен орындау арқылы зерттеуші діттеген мақсатына толық қол жеткізген деуге болады. Себебі, диссиденттеге алдымен галымдардың киеллік ұғымына қатысты ой-тұжырымдарын жүйелеп, саралаған; діни, мифологиялық, этнографиялық деректерге сүйене отырып, туыстық байланысы жоқ тілдердегі киелі сандардың танымдық табиғатын ашу, екі халыққа ортақ әмбебап түсініктердің пайда болу себебін анықтауға талпынған; екі халықтың да тұрмысында өзіндік орны бар жылқы малына қатысты түсініктердің киеллік табиғатын айқындауға ұмтылған; киелі ұғымдарды сипаттау үшін ағылшын және қазақ тілдерінде жұмсалатын атауларды, тұрақты тіркестерді жинақтаған; екі тілдегі «ит» атауының қатысуымен жасалған фразеологизмдердің киеллік табиғатын археологиялық, этнографиялық деректер негізінде ашып көрсетуге тырысқан; екі тілдегі <i>бөрі/қасқыр</i> бейнесіне байланысты сөздерді өзара салғастыра отырып, киеллік ұғымымен байланыста алып зерделеген.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>толық байланысқан;</u></b></li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> </ol>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық тұрғыдан өзара <b>толық байланысқан</b>.</p> <p>Ең алдымен, киелі ұғымының екі халықтың танымындағы мәні ашылып,</p>

	<p>3) байланыс жоқ</p> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>сыни талдау бар;</u></b></li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>киелі ұғымға қатысты зерттеушілер ұсынған діни, мәдени сипаттамалар келтірілген. Жұмыстың келесі тарауында бірқатар киелі сандардың екі тілдегі мәні метафизикалық сипатта түсіндірілген. Диссертацияның соңғы тарауында екі халықтың тұрмыстіршілігінде маңызды рөл атқарған жылқы, бөрі және ит сияқты жануарларға қатысты тұрақты тілдік бірліктер салыстырылған, олардың киелілік табигаты археологиялық, мифтік, этнографиялық деректер арқылы жан-жақты ашылған. Сондықтан жұмыстың әрбір тарауы мен тараушаларының өзара логикалық байланысы бар.</p> <p>Автор ұсынған жаңа шешімдер – сынни талдау. Бұрыннан белгілі шешімдермен салыстыра отырып, оны толықтырған. Мәселен, өзіне дейінгі «салыстырмалы зерттеулерде (мыс., Г.Казаковтың еңбегінде) киелі ұғым діни лексика түрғысынан сипатталған және олардың класификациясы жасалып, тақырыптық топтары белгіленген. Алайда киелі ұғымды тек діннің шеңберінде ғана қарастыру жеткіліксіз... Біздіңше, киелі ұғымның қалыптасуы, белгілі бір заттың, нысаның қастерленуі табиғатпен, қоршаган ортамен байланысты болатын секілді. Мәселен, ... он екі санының христиан дінін ұстанатын ағылышындарда қастерленуі 12 апостолмен (басқа да діни түсініктермен) байланыстырылып түсіндіріледі. Дегенмен, біздіңше, оның ду бастағы уәжі табиғи айналымға (Күннің жолына) қатысты болып табылады... Біз киелі ұғымды табиғаттың, қоршаган ортаниң бөлшегі ретінде қарастырамыз. Сонда табигат ана ортақ, универсал білімдерді қалыптастырушы болып шығады. Оның мазмұны дінге, дәстүрге, ұлттық танымға байланысты қалыптасады. Сол себепті де киеліліктің екі тілге ортақ универсалды сипатын анықтауда, тілдегі көрінісін сипаттауда өзгеше көзқарас керек» деп өзіндік тың тұжырымын ұсынады.</p>
--	--	---

		<p>«Көптеген салыстырмалы зерттеулерде еki тілдің дерегін салыстырумен, біr тілден екінші тілдің озгешелігі немесе ұқсастығын көрсетумен гана шектелсе, біz тілдік біrlіктердің мәнін қазіргі адамтану бағытына сәйкес мифология, дінтану, этнография, тарих, археология және тағы басқа да көптеген ғылымдардың деректерін пайдалана отыра салғастырып, қазақ және ағылшын тілдерінің материалдары негізінде киелі үгымдар (сандар, жануарлар: жылқы, бөрі мен ит) табигатын жаңа қырынан ашатын боламыз» (дисс. 6-б.) деп зерттеу тақырыбының тың, соны сипатын ашып тусіндіруі жана шешімдер деп танылады.</p>	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа;</b>      2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);      3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары <b>толығымен жаңа</b>. Мысалы, өзара туыс емес қазақ және ағылшын тілдеріндегі сан атауларына қатысты зерттеулер бұрын да жүргізілген (Курмамбаева Ж.Б. еңбегі), дегенмен киелі үгымдар тұрғысынан осы жұмыста алғаш рет сарапталған; еki тілдегі киелі сандар алғаш рет физикадан тыс, жаратылыстану және гуманитарлық білімдермен тығыз байланыстылық тұрғысынан талданған; қазақ тіл білімінде жылқы малына, итке, бөріге (қасқырга) қатысты киелі үгымдар біршама жақсы зерттелген, ал қолымыздағы жұмыста мұндай тілдік біrlіктер мен тұрақты тіректестердің ағылшын тіліндегі баламалары мен ұқсастықтары, сондай-ак діни танымға қатысты байқалатын айырмашылықтары жіті талданған; алайда ізденушінің «салғастырмалы зерттеу нәтижесінде Британ аралдарына барған «қасқыр» рулы елдің көшпелі халықтармен байланысы бар екені туралы болжам жасалды» деген пікірі әлі де дәлелдей тусуді қажет етеді.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа;</b>      2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары <b>толығымен жаңа</b> болып табылады. Біrіншіден, «Киелі үгым тек дінге гана тәуелді емес, ол – табигатты, қоршаған ортанды қастерлеумен байланысты</p>

	<p>3) жана емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p><i>түсініктердің жиынтығы. Сол себепті киелі ұғымды талдауда метафизикалық интерпретацияны пайдаланған абзal»</i> деген тұжырымын жартылай жаңа деуге болады. Себебі, бұл көзқарас бұрыннан бар, ғылыми әдебиетте оған қатысты ой-тұжырымдар көп кездеседі.</p> <p><i>«Ағылышын және қазақ тіліндегі киелі сандардың түпкілікті мәні – киелі кіндік, «әлем бейнесі» түсініктерімен тікелей байланысты. Метафизикалық түсінікте, барлық сан кіндіктен (бірден) басталады. Кіндік пен шеңбердің байланысы екілік түсініктерді, инициациялық үш саты түсінігі үшке қатысты ұғымдарды, дүниенің төртбұрыши ұғымы төрттік түсініктерді, кіндікке жетудің біліммен байланысты сатылары жетілік ұғымдарды және кіндік пен 12-нің қатынасы он екіге қатысты циклдік түсініктерді қалыптастырган»</i> деген тұжырымы толығымен жаңа.</p> <p><i>«Зерттеу жұмысындағы тілдік, этнографиялық деректер жылқыны алғаш қолға үйретуші үнді-европалықтар деген болжамга күмәнмен қарауга болатынын байқатады. Мәселен, үнді-европалық тілдің біріне жаратын ағылышын тілінде жылқыға қатысты киелі магыналар кездеспейді әрі топонимикалық атаулар, ұлттық танымды көрсететін өлишем бірліктері (бие сауым, ат шаптырым, т.б.), жылқының жынысына, жасына байланысты атаулар жоқтың қасы. Сондықтан болашақта бірнеше тілдің дерегіне сүйеніп, жылқыға қатысты ауқымды зерттеу жұмыстарын жүргізуге болады»</i> деген тұжырымын толығымен жаңа деп танимыз.</p> <p><i>«Ит ежелгі заманнан бері киелі жануар санатына жатады. Оны зерттеуде көрсетілген мифтік деректер, археологиялық зерттеулер айғақтай алады. Қонетанымдық ит күльтінің негізгі киеллік мәндері – ағылышын тіліндегі a dirty dog, it is a dog's life, қазақ тіліндегі ит жанды, ит – жеті қазынаның бірі т.б. тұрақты</i></p>
--	---	---

		<p><i>тіркестерде кодталған</i> деген тұжырымын да толығымен жаңа деп санауға болады.</p> <p>«Касқырга қатысты екі тілде де үқсас тұрақты тіркестер кездеседі. ... Екі халық ушін де қасқыр киелі аң.</p> <p>Англо-саксондық әулеттердің шеңжіресінде «Вуффа» (<i>Wuffa</i>) деп аталатын әулеттің негізін қалауышының есімі және оның «вуффингтер» (<i>Wuffings</i>), яғни қасқыр адамдар деп аталатын тайпасының аты жазылған. Ал қазақтардың боріден тараитыны туралы аңыз, жырлар сақталған. Кейбір герман тілдерінде <i>luchthonn</i> (қасқыр төрісі), <i>úlfhedinn</i> (пальто, қасқыр төрісі) деген секілді сөздерде түркінің тон деген сөзі арқылы жасалған. Осындаи деректерге қарап, англосаксон кезеңіндегі бөрі культи көшпелі түркі халықтарынан тамыр тартуы мүмкін» деген тұжырымын жаңа деп тануга негіз бар.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <b><u>толығымен жаңа;</u></b>            2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);            3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген. Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін екі тілдегі онлайн аударма сөздіктер құрастыруда, орфографиялық кателерді тексеруші электронды ресурстар жасауда пайдалануға болады.</p>
6.	Негізгі қорытындылар дың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде <b><u>негізделген/негізделмеген</u></b></p> <p>Барлық қорытындылар, негізгі пайымдаулар мен тұжырымдар ғылыми тұрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Біріншіден, қазіргі әлемде ағылшын тілінің халықаралық қатынастарда бірінші орында қолданылуы оны оқыту мен үйрету ісі елімізде үлкен маңызға ие болып отыр, соған орай шет тіліндегі коммуникацияны зерттеу ауқымы кеңейгенін, оның терең әрі үздіксіз зерттеліп отыру қажеттілігін, ондағы киелі ұғымдардың астарындағы танымдық ақпаратты тусіне білудің маңызын көрсетуі жұмыс қорытындысының негізделгенін көрсетеді.</p>

			Екіншіден, жұмыстың қорытындылары екі халықтың да байырғы түрмис-тіршілігінде ерекше орын алған қасиетті ұғым-түсініктердің этнос тарихындағы рөлін күшейтуге ықпал етеді. Үшіншіден, жұмыста келтірілген тілдік деректер қазіргі кезде ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрлердің қайта жаңғыруына да өзіндік үлесін косады, бұл айтылғандар диссертация идеясының негізділігін көрсетеді.
7.	Корғауға шығарылған негізгі қагидаттар	<p>Әр қагидат бойынша келесі сұраптарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қагидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>дәлелденді;</b></li> <li>2) шамамен дәлелденді;</li> <li>3) шамамен дәлелденбеді;</li> <li>4) дәлелденбеді</li> </ol> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) <b>жок</b></li> </ol> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>ия;</b></li> <li>2) жок</li> </ol> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) тар;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) <b>кен</b></li> </ol> <p>7.5 Макалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>ия;</b></li> <li>2) жок</li> </ol>	<p>Корғауға ұсынылған қагидат дәлелденген. Себебі, дәлелдеуші мысалдар мен дәйекті деректер айқын. Корғауға ұсынылған қагидат тривиалды емес, себебі жаңаша зерттеу бағыты таңдалған.</p> <p>Екі тілдегі киелі ұғымды салғастырмалы аспектіде зерттеуге бағытталған жұмыста тілдік фактілер жеткілікті дәлелденген.</p> <p>Корғауға ұсынылған қагидат жаңа, себебі киелі ұғымдар бұрын-сонды жеткілікті зерттеле қоймаған метафизикалық сипатта анықталған.</p> <p>Корғауға ұсынылған қагидаттың қолданылу аясы кең, себебі, киелі ұғымдар салғастырмалы тіл білімі бойынша, лексикологияның негізгі құрамдас бөліктері -фразеология мен паремиология аясында зерттеліп отыр.</p> <p>Корғауға ұсынылған қагидаттар 11 макалада дәлелденген. 1 Скопус, 4 ККСОН, 4 халықаралық ғылыми конференцияда жарияланған макалаларда насиҳатталған.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің тандауы негізделген немесе әдіснама накты жазылған</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>ия;</b></li> <li>2) жок</li> </ol> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың әдістемесін тандау сапалы негізделген, қолданылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың сәйкес тарауында накты сипатталған Зерттеу жұмысында деректерді сұрыптау, тақдау жасау, сипаттау, интерпретация жасау әдістері, сонымен катар жекелеген ғалымдардың діни-мифологиялық интерпретациялары қолданылған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу</p>

	<p>заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>ија</u>;</p> <p>2) жок</p>	<p>және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p> <p>Жалпы жұмыста 9 кесте, 23 сурет тиімді колданылған.</p>	
	<p>8.3 Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>ија</u>;</p> <p>2) жок</p>	<p>Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар тілдік деректермен, атап айтқанда, фразеологиялық тіркестер, мақал-мәтелдер т.б. дәлелденген және расталған.</p>	
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p> <p>Диссертацияда ғылыми еңбектер теориялық негізdemесін растау үшін алынса, дәйекті деректерді растау үшін лексикографиялық дереккөздерден көптеген мысалдар алынған және олар сілтемемен расталған.</p>	
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b>/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b>.</p> <p>Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттің жалпы саны – 172. Жұмыста отандық және шетелдік авторлардың тақырыпқа қатысты еңбектері таңдалған. Дегенмен осы зерттеу тақырыбына тікелей қатысты Ж.Б. Курмамбаевың «Қазақ тіліндегі сан атауларының лингвомәдениеттанымдық негізі» атты диссертациясы ізденуші назарынан тыс қалған.</p>	
9	<p>Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>ија</u>;</p> <p>2) жок</p>	<p>Зерттеу жұмысы қазіргі антропоөзекті парадигмадағы зерттеулер қатарына енеді, ол тілдегі адам болмысына қатысты қалыптасқан білімдер жүйесін нақтылай түсіп, туыс емес тілдердегі киелі ұғымдарды білдіретін тұрақты тілдік бірліктердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын сипаттайды.</p>

			<p>Зерттеу жұмысының нәтижелері мен ондагы пайымдаулардың этнолингвистика мен лексикология, салғастырмалы тіл біліміндегі негізгі зерттеу ұстанымдарын нақтылай түсуге белгілі бір дәрежеде үлес қосады. Қазак тіліндегі фразеология туралы теорияның толыға түсіне өз үлесін қосады. Киелі ұғымдар жөніндегі тұжырымдар өзге де тілдердегі тұрақты бірліктерді кешенді зерттеуге жол ашады.</p>
	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>иј;</u></li> <li>2) жок</li> </ol>		<p>Диссертациялық жұмыс барысында жасалған теориялық тұжырымдар мен пайымдауларды, нәтижелерді жоғары оку орындарында салғастырмалы лексикология, тіл тарихы, тіл ғылыминың жаңа бағыттары бойынша дәрістерде, семинар сабактарында, сонымен қатар шетел тілдері мамандықтары бойынша, филология факультетінің студенттері, магистранттары, докторанттарына арналған оқу-әдістемелік күралдарды әзірлеуде, сөздіктер құрастыруда пайдалануға болады.</p>
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толығымен жаңа;</u></li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>		<p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Себебі, қазақ және ағылшын тілдеріндегі киелі ұғымдар туралы ой-тұжырымдар, алынған нәтижелер, тұрақты тіркестер, фразеологиялық бірліктер және мақалмәтлер салғастырмалы аспектіде алғаш рет қарастырылып отыр.</p> <p>Диссертанттың зерттеу жұмысы өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, алынған нәтижелер мен практикалық маңыздылығы тұргысынан философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сәйкес келетін аяқталған ғылыми жұмыс болып саналады.</p>
10.	<p>Жазу және ресімдеу сапасы</p>	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>жоғары;</u></li> <li>2) орташа;</li> <li>3) орташадан төмен;</li> <li>4) төмен.</li> </ol>	<p>Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған, ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай жазылған. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен анықтамалар талапқа сай жүйелі жасалған.</p> <p>М.А.Алшынбаеваның диссертациялық жұмысындағы барлық нәтижелер жаңа,</p>

		өзекті, негізделген және өзара байланысты болып табылады. Себебі, киелі ұғымдар туралы ой-тұжырымдар екі халықтың да танымында ерекше орын алады, қазіргі кезде күнделікті тұрмыста оларға аса мән берілмегенімен, тарихи тұрғыдан, этностиң өзіндік бетбейнесін таныту үшін аталмыш түсініктер ерекше маңызға ие.
--	--	--

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:

- 1) **философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;**
- 2) диссертацияны пысықтауга жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Алшынбаева Молдир Айдосовнаның «8D02301 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша дайындалған «Киелі ұғымдардың тілдік көрінісі (казак, ағылшын тілдеріндегі материалдар негізінде)» тақырыбындағы диссертациясына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Рецензент:

Абай атындағы ҚазҰПУ,

С. Қирабаев атындағы қазақ тіл мен  
әдебиеті кафедрасының профессоры,  
филология ғылымдарының докторы

14.03.2023

